# Student Energy Challenge / Student Energy Challenge – Junior

**байқауына қатысу үшін өтінімді беруге арналған**

# САУАЛНАМАНЫ ТОЛТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАМА

Құрметті қатысушы! Байқауға қатысу үшін төмендегі сілтеме бойынша **Student Energy Challenge** байқауы жөнінде танысуды сұраймыз: https://www.kazenergy.com/kz/operation/educational-program/157/1859/

**Student Energy Challenge-Junior** байқауы туралы ережемен мына сілтеме бойынша: https://www.kazenergy.com/kz/operation/educational-program/157/2242/

*«Student Energy Challenge» байқауында жүлделі орындарға ие болған командалар ұқсас әзірлемелерімен/зерттеулерімен (тақырыптары, есептері, схемалары және т.б.), сондай-ақ Шелл Қазақстанның басқа байқауларында соңғы 24 (жиырма төрт) айда «Student Energy Challenge» ағымдағы байқауға дейін жүлделі орындарға ие болған командалар байқауға қатысуға жіберілмейді және тізімнен шығарылады. Байқаудың командаларына қойылатын талаптардың 5-т., «Student Energy Challenge» байқауы туралы ереженің 7-тармақшасы.*

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Сауалнаманы бірінші болып команда **КАПИТАНЫ,** содан кейін команда мүшелері жеке толтырады!

Өтінімді беруге арналған сауалнаманы толтыру үшін Сізге мынадай қадамдарды орындау қажет:

| | | |
|---|---|---|
| **1-қадам** | https://www.kazenergy.com/kz/operation/educational-program/157/1859/ сілтеме бойынша өтіңіз.<br>Парақшаның сол жақтағы бағанда **SECH – 2023 КОМАНДАЛАРЫН ТІРКЕУ** бөлімін табыңыз және осы бөлімге тышқанмен басыңыз. |  |
| **2-қадам** | Сіздің алдыңызда https://sech.kazenergy.com/ веб-парақшасы ашылады.<br><br>Тіркеуді бастау үшін «pdf файлды жүктеу» батырмасын басыңыз. Автоматты түрде «Жеке деректерді жинауға және өңдеуге келісім» pdf файлының жүктелуі басталады.<br><br>Одан кейін келесі байқаулардың біреуін таңдаңыз:<br>Егер ЖОО студенті болсаңыз **«Student Energy Challenge»** немесе колледж студенті болсаңыз **«Student Energy Challenge-Junior».** |  |

| | | |
|---|---|---|
| | Жоғарыдағы оң жақ бұрышта сауалнаманы толтыру үшін тілді (қазақ, орыс) таңдасаңыз болады.<br><br>«Жеке деректерді жинауға және өңдеуге келісім» файлында өзіңіздің Т.А.Ә., күнді жазып, қолыңызды қоясыз, pdf форматында сканерлеп, тиісті терезеге жүктейсіз.<br>Бұдан кейін сауалнаманы толтыруға көшесіз. | <br>**Дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім**<br>«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі – заң) сәйкес, мен, ____________________________»Student Energy Challenge» зияткерлік командалық конкурсының (бұдан әрі – Конкурс) қатысушысы және Қазақстан Республикасының азаматы ретінде барлық шарттарды қабылдаймын және қазіргі уақытта да, болашақта да ұйымдастырушымен байланысты мән-жайлар немесе құқықтық қатынастар бойынша «KAZENERGY» ЗТБ (бұдан әрі – ұйымдастырушы) менің (Мен туралы) дербес деректерімді осы Келісіммен регламенттелген мақсаттарда және дереккөздерде, оның ішінде жалпыға бірдей қолжетімді мақсаттарда заңнамаға қайшы келмейтін тәсілдермен жинауға, өңдеуге және қорғауға сөзсіз келісім беремін.<br>Ұйымдастырушы менің (Мен туралы) дербес деректерімді жинауды және өңдеуді конкурсқа жіберу, конкурстық қазылар алқасының шешімі және жүлделі орындарды беру негізінде жүлде қорынан төлемдер жүргізу мақсатында жүзеге асырады.<br>Заңға сәйкес субъект немесе оның заңды өкілі, егер бұл Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін жағдайларда не орындалмаған міндеттеме болған кезде дербес деректерді жинауға, өңдеуге берілген келісімді кері қайтарып ала алмайтыны маған белгілі.<br>Мен осы Келісім ұйымдастырушымен жоғарыда көрсетілген мақсаттарға қол жеткізуге байланысты барлық қатынастарға, оның ішінде қазіргі бар және (немесе) болашақта туындайтын кез келген азаматтық-құқықтық және (немесе) өзге де құқықтық қатынастарға, менің (Мен туралы) дербес деректеріме, сондай-ақ оларда болатын болашақ өзгерістерге және (немесе) ағымдағы өзгерістерге қолданылатынын растаймын) азаматтық-құқықтық және (немесе) өзге де құқықтық қатынастарды ресімдеу үшін, сондай-ақ осындайларды орындау процесінде өзара іс-қимылды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіштерде тіркелген толықтырулар және мынадай мәліметтерді растайтын құжаттар болып табылады:<br>тегі, аты, әкесінің аты;<br>жынысы;<br>білім туралы деректер;<br>кез келген сауалнама деректері;<br>өзге де қосымша мәліметтер (ұйымдастырушының сұрау салуы бойынша).<br>Осы құжатпен, Заңның талаптарын және (немесе) осы Келісімде қол жеткізілген шарттарды сақтаған жағдайда, менің (Мен туралы) дербес деректерімді жинауға, өңдеуге, фото -, бейнетүсірілімге қатысты қандай да бір наразылықтарым болмайтынын растаймын.<br>Мен осы Келісімнің мәтінін оқыдым, толықтырулар, ескертулер мен қарсылықтар жоқ.<br>Ұйымдастырушы сұратқан құжаттарды алуға және жинауға жәрдем көрсетуге міндеттенемін.<br><br>Дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін<br><br>20_ жылғы «____» ________________<br><br>__________________ қолы |
| **3-қадам** | Сауалнамада * жұлдызшасымен белгіленген жолдар толтыруға міндетті болып табылады.<br><br>Бірінші болып сауалнаманы команда КАПИТАНЫ өзінің фото суретін тіркеп, өзі туралы деректерді, Т.А.Ә., одан әрі жынысын – «ер» немесе «әйел» деп көрсетіп толтырады.<br><br>**«Команда атауы», «Қатысушылардың саны», «Жобаның бағыты»** және **«Жобаның тақырыбы»** жолдарын Капитан толтырады.<br>«Команданың фото суреті» жолы міндетті емес және Капитан сауалнаманы толтырған кезде ғана көрінеді.<br><br>Келесіде бір команданың қалған мүшелері толтырған кезде Капитан толтырған жолдар автоматты түрде толтырылып шығатын болады. | <br> |

| | | |
|---|---|---|
| | Команда капитаны сияқты команданың қалған мүшелері де «ЖОО атауы» жолын толтырады.<br><br>Одан кейін «Оқу бағдарламасы және курсы» жолына өтесіз.<br><br>Бұдан соң «Факультеттің, мамандықтың атауын көрсетіңіз» жолында Капитан және команданың әр мүшесі өз факультетін және мамандығын өз қолымен толтырады.<br><br>ЖОО-да оқып жатқаныңызды растайтын анықтаманы міндетті түрде тіркеңіз. Бұл жол міндетті болып саналады.<br><br>Ғылыми жетекші болған жағдайда оның Т.А.Ә. көрсетіңіз.<br><br>Шелл компаниясынан ментор қажет болса, онда Иә/Жоқ деп көрсетіңіз.<br><br>«Сіздің жасыңыз» жолында команданың әр мүшесі өз жасын таңдайды. Байқаудың шарты бойынша 18-25 жас аралығындағы ЖОО студенттері қатыса алады.<br><br>Ұйымдастырушыға байланыс үшін қолжетімді болатын байланыс телефоныңызды көрсетіңіз.<br>Бірінші байланыс нөміріңіз қолжетімсіз болған жағдайда қосымша байланыс телефоныңызды көрсетіңіз.<br><br>Одан кейін «Сауалнаманы алдын ала қарау» батырмасын басыңыз, алдыңызда Student Energy Challenge сауалнамасын алдын ала қарау парақшасы ашылады, сауалнаманы дұрыс толтырсаңыз парақша соңында «Сауалнаманы жіберу» батырмасын басыңыз. | <br><br><br> |
| **4-қадам** | Құттықтаймыз! Сіздің «Өтініміңіз сәтті жасалды!» | <br> |

| | | |
|---|---|---|
| **5-қадам** | Сіздің көрсеткен поштаңызға «өтініміңіз қабылданды және өңделуде» деген хабарлама келіп түседі. Ұйымдастырушылар сіздің өтініміңізді растаған кезде поштаңызға сауалнамаңыздың расталуы туралы хабарлама түседі. Команданың барлық мүшелері Сауалнаманы толтырғаннан кейін команданың әр мүшесіне «Құрметті қатысушы! Сіздің командаңыз «Student Energy Challenge байқауына қатысу үшін тіркелді» деген хабарлама келеді. |  |
| | Іске сәт! | Біздің байланыс телефонымыз:<br>+7 717 2 79-01-87<br>e-mail: sech2023@kazenergy.com |